

"Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 27 қарашадағы № 823 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8147 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 5 ақпандағы № 110 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 05.02.2015 № 110 бұйрығымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1153 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Б.Ш. Әбішев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Жұмағалиев
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2011 жылғы 27 қарашадағы

«Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 308-бабына, «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына, «Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қарашадағы № 1351 қаулысына (бұдан әрі – Қағида), «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 1710 қаулысымен бекітілген «Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес ә з і р л е н г е н .

2. Осы регламентте келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік қызметті алушы – Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына олардың тіркелу орны бойынша берілген сенімгерлік басқармасы негізінде Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік заңды тұлғалар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және халықаралық ұ й ы м д а р ;

2) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – уәкілетті органдардың жауапты қызметкерлері, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметті көрсетуге қатысатын ақпараттық жүйелер немесе жүйешелер.

3. «Темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтардың қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚҚО) арқылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі – уәкілетті орган) Стандартқа 1 және 2-қосымшада көрсетілген мекенжайлар

б о й ы н ш а

к ө р с е т е д і .

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 308 - б а б ы н ы ң ;

2) «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңының;

3) С т а н д а р т ;

4) Қағида негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны Темір жол жылжымалы құрамы кепілін мемлекеттік тіркеу куәлігін немесе қағаз түрінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Тіркеу алымы жергілікті бюджетке «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) белгіленген ставкалар және тәртібі бойынша төленеді және мыналарды қамтиды:

1) жеке тұлғалардан – алымын төлеу күніне қолданыстағы бір айлық есептегіш көрсеткіш ;

2) заңды тұлғалардан - алымын төлеу күніне қолданыстағы бес айлық есептегіш көрсеткіш .

Кепілдің мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттың телнұсқасын беруге 0,5 айлық есептегіш көрсеткіш.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің талаптары

8. М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) егер өтініш беруші жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкер болса мемлекеттік қызметті алушының тұратын жерінде;

2) өтініш беруші заңды тұлға болса заңды тұлға тіркелген жерінде көрсетіледі .

9. Мемлекеттік қызмет демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын дүйсенбіден бастап, сенбіні қосып алғанда көрсетіледі.

Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат және қажетті құжаттар, сондай-ақ оларды толтыру үлгісі:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің

интернет-ресурсында www.mtc.gov.kz мекенжай бойынша («Көліктік бақылау комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік қызметтер» бөлімшесінде);

2) ХҚКО интернет-ресурсында www.con.gov.kz мекенжай бойынша;

3) ХҚКО ғимаратында орналасқан стенділерде;

4) call-орталықта 1414 орналастырылған.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды тапсырады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 7-тармағында белгіленген.

13. Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда темір жол жылжымалы құрамын тіркеу куәлігі берілмейді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы ХҚКО-ға өтініш береді;

2) ХҚКО қызметкері өтінішті және қажетті құжаттар тізімін қабылдайды; өтінішті тіркейді, жинақтаушы бөлімнің қызметкері құжаттарды уәкілетті органға курьер арқылы жолдайды.

ХҚКО–дан құжаттар пакетін уәкілетті органға жолдау фактісі мемлекеттік қызметті көрсету барысында құжаттар қозғалысын зерттеп отыратын штрихкод сакнері көмегімен бекітіледі;

3) уәкілетті орган (оның филиалы) кеңсесінің қызметкері құжаттардың уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды тіркейді және бастығы не оның орынбасарларына қарауға береді, сонымен қатар өтініштің оң жақ төменгі бұрышына мемлекеттік тілде келіп түскен күні мен кіріс нөмірі көрсетілген тіркеу штамп қойылады;

4) уәкілетті орган (оның филиалы) бастығы, не оның орынбасарлары құжаттардың уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеу туралы өтінішті қарайды және Темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің бастығына жолдайды;

5) темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің бастығы құжаттардың уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар тізбесін қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды, темір жол жылжымалы құрамы кепілін тіркеуді келіседі;

6) темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің маманы тіркеу журналына тиісті жазу енгізеді, темір жол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу куәлігін рәсімдейді, Темір жол жылжымалы құрамының тізілімінде тіркейді;

7) уәкілетті орган (оның филиалы) бастығы, не оның орынбасарлары темір жол жылжымалы құрамы кепілін мемлекеттік тіркеу куәлігіне немесе дәлелді бас тартуына қол қояды және уәкілетті орган кеңсесіне жолдайды;

8) уәкілетті орган (оның филиалы) кеңсесінің қызметкері мемлекеттік қызмет

көрсету нәтижесін курьер арқылы ХҚКО-ға жібереді;

9) ХҚКО мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін б е р е д і .

15. ХҚКО-да мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүргізетін адамдардың ең аз саны бір адамды құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттамасы

16. ХҚКО құжаттарды қабылдау ХҚКО қызметкерінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ атқарылатын қызметі және тағайындалуы туралы ақпарат орналастырылған операциялық залда «тосқауылсыз қызмет көрсету» арқылы жүзеге асырылады.

ХҚКО-ға құжаттарды тапсырған кезде мемлекеттік қызметті алушыға:
сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;
сұрау салынған мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
құжаттар берілген күні (уақыт) мен орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты ;

мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олармен байланыс телефондарын көрсетумен, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер:

- 1) Х Қ К О қ ы з м е т к е р і ;
- 2) ХҚКО жинақтау бөлімшесінің қызметкері;
- 3) уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері (оның филиалы);
- 4) уәкілетті орган басшысы, немесе оның орынбасары;
- 5) темір жол көлігінде бақылау бөлімінің басшысы;
- 6) темір жол көлігінде бақылау бөлімінің маманы;/
- 7) к у р ь е р .

18. Осы регламенттің 1-қосымшасында әр ҚФБ әкімшілік процедураларының әрекеттесуінің және олардың қисынды реттілігінің әрбір әкімшілік процедураларды орындаудың уақыты көрсетілген кестедегі жазбаша сипаттамасына көрсетілген.

19. Осы регламенттің 2-қосымшасында ҚФБ мен мемлекеттік қызметті көрсету процедурасындағы іс-әрекеттердің логикалық реттілігінің арасындағы өзара байланысының сызбасы келтірілген.

«Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу»
 мемлекеттік қызметін көрсету регламентіне
 1-қосымша

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің іс-әрекеттері						
1	Іс-әрекеттің №	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	ХҚКО қызметкері	Уәкілетті орган (филиалының) кеңсесі	Уәкілетті орган бастығы не оның орынбасарлары	Темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің бастығы	Темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің маманы
3	Іс-әрекеттің атауы және оның сипаттамасы	Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті және қажетті құжаттар тізімін қабылдайды; өтінішті тіркейді, өтінішті және қажетті құжаттарды уәкілетті органға жолдайды	Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті және қажетті құжаттар тізімін қабылдайды, тіркеу журналында өтінішті тіркеу, сонымен бірге өтініштің оң жақ төменгі бұрышында мемлекеттік тілде күні, кіріс нөмірі көрсетілген тіркеу мөртабаны қойылады	Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті қарау	Ұсынылған құжаттар тізбесінің қойылатын талаптарға сәйкестігін қарау, темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеуді (қайта тіркеуді), куәліктің телнұсқасын беруді келісу	Тіркеу журналына тиісті жазу енгізу, темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу куәлігін, оның телнұсқасын ресімдеу, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу Мемлекеттік тізілімінде тіркеу
4	Аяқтау нысаны	Өтінішті тіркеу, құжаттарды уәкілетті органға жолдау		Орындау мерзімін және жауапты атқарушысын камтитын қарары бар құжаттар		Тіркеу журналына енгізілген тиісті жазу, ресімделген темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу куәлігі, куәлік телнұсқасы, Мемлекеттік тізілімде мәліметтер
5	Орындау мерзімдері	20 минут	1/4 жұмыс күн	1/2 жұмыс күн	1/4 жұмыс күн	1/2 жұмыс күн

6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	8	7	6		
7	Іс-әрекеттің атауы және сипаттамасы	Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекетті қызметтің нәтижесін беру	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін курьер арқылы ХҚКО-ға жіберу	Мемлекетті қызметтің нәтижесіне қол қою және уәкілетті орган кеңсесіне жолдау		
8	Аяқтау нысаны	Куәлік, куәлігінің телнұсқасы немесе қағаз түрінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап		Қол қойылған куәлік, куәлігінің телнұсқасы немесе қағаз түрінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап		
9	Орындау мерзімдері	10 минут	1/4 жұмыс күн	1/4 жұмыс күн		

Кесте 2. Қолдану нұсқасы. Негізгі үдерісі

Негізгі үдерісі				
ХҚКО қызметкері	Уәкілетті орган (филиалының) кеңсесі	Уәкілетті орган бастығы не оның орынбасарлары	Темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің бастығы	Темір жол көлігіндегі бақылау бөлімінің маманы
Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті және қажетті құжаттар тізімін қабылдайды; өтінішті тіркейді, өтінішті және қажетті құжаттарды уәкілетті органға жолдайды	Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті және қажетті құжаттар тізімін қабылдайды, тіркеу журналында өтінішті тіркеу, сонымен бірге өтініштің оң жақ төменгі бұрышында мемлекеттік-к тілде күні, кіріс нөмірі	Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Темір жол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің телнұсқасын алу туралы өтінішті қарау.	Ұсынылған құжаттар тізбесінің қойылатын талаптарға сәйкестігін қарау, темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеуді (қайта тіркеуді), куәліктің телнұсқасын беруді келісу	Тіркеу журналына тиісті жазу енгізу, темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу куәлігін, оның телнұсқасын ресімдеу, Темір жол жылжымалы құрамының кепілін

	көрсетілген тіркеу мертабаны қойылады			тіркеу Мемлекеттік тізілімінде тіркеу
Өтінішті тіркеу, құжаттарды уәкілетті органға жолдау	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін курьер арқылы ХҚКО-ға жіберу	Мемлекеттік қызметтің нәтижесіне қол қою		

«Темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу» мемлекеттік қызметін көрсету регламентіне 2-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы



